# Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну

| | |
|---|---|
| **Мемлекеттік орган** | ҚР Білім және ғылым министрлігі |
| **Қызметті алушылар** | жеке тұлғалар |
| **Қызмет көрсету орны** | Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ,<br>Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі,<br>"Электрондық үкіметтің" веб-порталы |
| **Қызметті көрсету мерзімдері** | 5 (бес) жұмыс күн |
| **Қызмет құны** | Тегін |
| **Құжаттар тізбесі** | Көрсетілетін қызметті берушіге және Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:<br>1) өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);<br>3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың туу туралы куәлігі;<br>4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқу орнынан анықтама.<br>Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада ұсынылады, содан кейін түпнұсқалар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады;<br>порталда:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір рет пайдаланатын құпиясөзбен куәландырылған, көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірі порталдың есеп жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқу орнынан анықтаманың электронды көшірмесі.<br>. |
| **Қызмет көрсету нәтижесі** | Жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну туралы анықтама не |

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады. |
| **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** | http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020478#z234 |